

Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді көрсетуге жария келісім шарты

Астана қаласы Әділет департаментінде Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасы сәйкес тіркелген «Clean City NC» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (БСН 170240019020), одан әрі «Қызмет беруші» деп аталатын, Жарғы және «Астана қаласының табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ жасалған 2017 жылғы «26» мамырдағы №1 қабылданған өзара міндеттеме туралы Шарты негізінде қызмет ететін Бас директор Д.А. Ахметов тұлғасында және тұрғын үй-жайдың (тұрақты өмір сүруге арналған және қолданылатын жеке тұрғын үйі, пәтер, жатақханадағы бөлме) бағбандық кооперативінің учаскесін қоспағанда Меншік иесі/Жалдаушысы, одан әрі «Тұтынушы» деп аталатын, одан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегі туралы осы Келісім-шартқа (одан әрі-Шарт) қол қойды:

Шартта қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) «Қатты тұрмыстық қалдықтар», «ҚТҚ» - қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар;
- 2) «Коммуналды қалдықтар» - тұрғылықты жерлерде пайда болатын тұтыну қалдықтары, соның ішінде адам өмір сүруінің нәтижесінде, сонымен қатар оларға құрамы және пайда болу сипаты бойынша жақын өндіріс қалдықтары;
- 3) «Сұйық қалдықтар» - сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;
- 4) «Ірі өлшемді қалдық» - өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және өзінің өлшемдері бойынша арнайы қоқыс шығаратын көліктермен тасымалдау мүмкіндігін жоққа шығаратын тұтыну және шаруашылық әрекет қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.);
- 5) «Қалдық шығаратын ұйым» - арнайы көлікпен коммуналды қалдықтарды шығарумен айналысатын ұйым;
- 6) «Құрылыс қалдықтары» - ғимараттар мен жайларды немесе бөлек конструкторлық бөліктерді ажырату (монтаждан шығару) үрдісі кезінде, сонымен қатар құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау кезінде пайда болатын қалдықтар;
- 7) «Тариф» - ҚТҚ 1 куб метрін (m^3) қайта өңдеу, орналастыру (жерлеу), қалдықтарды жинақтау орнынан оларды сақтау орындарына шығару құны;
- 8) «ҚТҚ шығару» қызметті төлеу өлшемі» - Астана қаласы бойынша ҚТҚ жинақтау нормаларына сәйкес жергілікті атқарушы органмен орнатылған тәртіпте белгіленген қолданыстағы Тарифке сәйкес орнатылған қызметті төлеу құны.

1. Шарт мәні

1.1. Осы Шарттың мәні жинақталуына арнайы бөлінген орындардан ҚТҚ шығару бойынша Қызмет берушімен көрсетілетін ақылы қызметтер (одан әрі-Қызметтер) және Тұтынушының осы Қызметтерді Шарт жағдайларына сәйкес төлеуі болып табылады.

1.2. Қызмет көрсетуші қалдық шығарытын ұйым болып келіп, Тұтынушыға Астана қаласы аумағы бойынша коммуналды қалдықтарды шығару бойынша мердігерді анықтау бойынша ұтқан тендердің нәтижесі негізінде уәкілетті органның оның артында бекітілген аудандарда қызмет көрсетеді.

2. Есептесу тәртібі және шарттары

2.1. Қызметті төлеу өлшемі Тариф өзгеруіне сәйкес орнатылады және өзгереді.

2.2. Тұтынушы көрсетілген Қызметтер үшін төлемді ай сайын бір адамға ҚТҚ айына шығару үшін Өлшемге сәйкес бөлмеде (пәтер, үй) тұратын нақты адамдар санына сәйкес есептей отырып жүзеге асырады.

2.3. ҚТҚ шығару үшін төлем есепті айдан кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей Қызмет беруші ұсынған төлем құжаттары негізінде есептік шотқа аудару немесе Қызмет көрсетуші қассасына ақша қаражаттарын енгізу арқылы жүргізіледі.

2.4. Тұтынушы және/немесе онымен бірге тұрып жатқан тұлғалар уақытша жоқ болған жағдайда, ол/олар жоқ болған уақытта Қызметтер үшін төлем алынбайды, бұл үшін еркін түрде өтініш және растаушы құжат (уақытшы тұру орны бойынша тіркеу анықтамасы, емделу мекемесінің анықтамасы, жұмыс орнынан анықтама, емделу-демалыс жолдамасы, қонақүйде тұрғаны үшін төлем құжаты және т.б.) берілуі тиіс. Төлемді қайта есептеуге алып келетін барлық өзгерістер Тұтынушы өтініш берген сәттен бастап жүзеге асырылады.

3. Тұтынушы құқықтары мен міндеттері

3.1. Тұтынушы құқылы:

3.1.1. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитарлы-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес ҚТҚ уақытылы шығарылуына.

3.1.2. Қызметтерді төлем Өлшемі және Тарифтерін қолдануына қатысты ақпаратты;

3.1.3. Шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсетуде анықталған кемшіліктерді Қызмет берушімен жоюға (Шарттың 4.2.7 тармағы);

3.1.4. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталатын тәртіпте және өлшемде Қызмет көрсетуші салдарынан болған Қызметтерді көрсетуде кемшіліктер нәтижесінен денсаулыққа және/немесе мүлікке тигізілген зардаптар мен залалдарды толық көлемде өтеуге;

3.1.5. Құқықтары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес соттық қорғалуына.

3.2. Тұтынушы міндетті:

3.2.1. Осы Шартта көрсетілген мерзімде Қызметтерді уақытылы және толық көлемде төлеу;

3.2.2. Тұрғын үйде (пәтер, үй және т.б.) тұратын адамдар саны өзгерген жайлы ақпаратты Қызмет берушіге ұсыну;

3.2.3. Тұрғын үйде тұратын нақты адамдар санын анықтау үшін Қызмет беруші өкіліне қажетті қолжетімділік пен жағдайларды қамтамасыз ету;

3.2.4. Тұрып жатқан тұрғын үйінен шығу күніне дейін азаматтық-құқықтық келісім-шарттарды жасаған жағдайда Қызмет берушімен толық есептесуді жүзеге асыру;

3.2.5. Пайда болған қалдықтарды олар үшін бөлінген арнайы уақытша сақтау орындарында (контейнерлік шығару жүйесі кезінде) немесе жеке тұрғын үй-жайларында тиеудің арнайы бөлінген орындарында орналасқан еркін түрдегі қақпағы бар өзінің қорабында (ыдысында) жинақтау;

3.2.6. Сұйық қалдықтардың құйылуын, құрылыс қалдықтары, топырақтың, ірі өлшемді қалдықтың, металл сығындыларын, ағаш кесіктерін, жапырақтар, бұтақтардың қоқыс жинау орындарына тасталуын болдырмау;

3.2.7. ҚТҚ және басқа қалдықтардың ол үшін белгіленбеген жерлерде (контейнерлік алаңдардан басқа) жинақталуын, сонымен қатар олардың жерге көмілуін, контейнерлерде, аулаларда және көшеде жануын болдырмау;

3.2.8. Арнайы қорапсыз тұрмыстық қалдықтарды шығару кезінде ҚТҚ бар ыдыстарды тек арнайы техника келу алдында кестеге сәйкес қалдық шығару күндері ғана шығару;

3.2.9. Сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қалдық жинаушыларға және контейнерлік алаңдардың қоршауларына күтіммен қарау;

3.2.10. Арнайы техниканың контейнерлік алаңдарға бөгетсіз қолжетуін қамтамасыз ету;

3.2.11. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған басқа міндеттерді орындау.

4. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Қызмет беруші құқылы:

4.1.1. Қызметтер үшін Тұтынушыдан уақытылы және толық көлемде төлемді алу, және төлемдерді төлеу мерзімін бұзған жағдайда Шартпен қарастырылған шараларды қабылдауға;

4.1.2. Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер үшін Тұтынушы төлем мерзімдерін бұзған жағдайда, Қызмет беруші Тұтынушыдан борыш сомасын және есептелген айыппұл мөлшерін ықтиярсыз тартып алу жолымен Қазақстан Республикасы сот органдарына өзінің мүліктік қызығушылықтарын қорғау үшін жүгінуге құқылы.

4.1.3. Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпте көрсетілген қызметтер үшін тарифті өзгертуге.

4.2. Қызмет беруші міндетті:

4.2.1. Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен келістірілген кесте бойынша өзінің артында бекітілген аудандардан ҚТҚ шығару бойынша жоспарлы-реттік тазалауды жүзеге асыру;

4.2.2. Контейнерлерден қоқыс шығару көлігіне түсіру кезінде ағып түсетін қалдықтарды жинау;

4.2.3. Жүру сызбасы және өзгерген пайдалану жағдайларына сәйкес бағдар кестелерін құру және өзгерту енгізу;

4.2.4. Контейнерлердің сақталуы мақсатында ҚТҚ тиеген кезде құралдарға күтіммен қарау;

4.2.5. Тұтынушыға ҚТҚ шығарғаны үшін төлем жасау үшін төлем құжаттарын Қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 15 күніне дейін ұсыну;

4.2.6. Қызметтер көрсетуші төлемді нақты тұрып жатқан адамдарды анықтау актісі немесе азаматтарды тіркеу мәліметтері негізінде белгілеу;

4.2.7. Көрсетілген қызметтер көлемі және сапасына дәлелді арызды алған жағдайда 24 сағат ішінде Тұтынушы талаптарын қанағаттандыру;

4.2.8. Тұтынушыны ҚТҚ шығаруға Тарифтер мен Қызметтерді төлеу Өлшемінің өзгеруі, сонымен қатар ҚТҚ шығару шарттары өзгеруі туралы оларды енгізудің алдында кем дегенде 10 (он) күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен хабардар ету;

4.2.9. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған басқа міндеттерді орындау.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Қызмет беруші және Тұтынушы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзінің шарттық міндеттерін сәйкес дәрежеде орындамағаны немесе мүлдем орындамағаны үшін жауапкершілікке ие болады.

5.2. Қызметтерді уақытылы төлемеген жағдайда Тұтынушы Қызмет берушіге өсімді төлейді. Өсімді есептеу есепті айдан кейінгі айдың 26 күнінен бастап, әрбір төлем жасамаған күні үшін төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде жүзеге асырылады.

5.3. Алдыңғы мерзімде борыш болған жағдайда, Тұтынушы жүргізген төлемі ең алдымен өсімді жабуға, содан кейін негізгі қарызды жабуға бағытталады.

5.4. Айыппұл мөлшерін төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6. Дауларды қарастыру тәртібі

6.1. Шарт бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар олардың сот алдында реттеу үшін барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Туындаған даулар бойынша келісім жасалмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы заңмен орнатылған тәртіпте сотта қарастырылуға жатады.

6.3. Шартпен реттелмеген барлық сұрақтар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі жағдайларымен, Астана қаласы аумағын қолданыстағы абаттандыру Ережелерімен және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілермен сәйкес қарастырылады.

7. Шарттың қызмет ету мерзімі

7.1. Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету күнінен бастап күшіне енеді.

7.2. Шарт анықталмаған мерзімге жасалған болып саналады.

8. Форс-мажор жағдайлары

8.1. Тараптар Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамағаны немесе сәйкес дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен еңсерілмейтін күш әсерінен туындаған жағдайы кезінде (апатты жағдайлар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу және т.б., одан әрі – «Форс-мажор») босатылады, олар Шарт жасалғаннан кейін туындаған және оларды Тараптардың біреуі де алдын-ала мүмкін құралдармен болжай және болдырмай алмады.

8.2. Форс-мажор жағдайлары орын алған кезде Тараптар шарт міндеттерін сақтамағаны үшін материалды жауапкершіліктен босатылады, егер Форс-мажор жағдайына түскен Тарап Форс-мажор жағдайының орын алғаны туралы басқа Тарапты хабардар етсе және олар әрекет етуі тоқтаған сәттен бастап Шарт міндеттерін орындауды жалғастырған жағдайда.

8.3. Форс-мажор жағдайлары Қазақстан Республикасы Сауда-өндірістік палатасында куәландырылуы тиіс.

9. Ерекше жағдайлар

9.1. Тұтынушы қалдық шығаратын ұйыммен қалдықты шығаруға Шарт жасаудан және оны бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы емес, себебі өмір сүру барысында қалдықтар тұрақты пайда болады, орнатылмаған жерд қалдықтарды заңсыз тасталуын алдын-алу және қоршаған табиғи ортаға олардың жағымсыз әсер етуін болдырмау керек.

9.2. Осы Шарттың күшіне енуі оны қабылдағанға дейін туындаған өзара міндеттерді орындауда Тараптарды босатпайды.

9.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387 бабына сәйкес жария болып табылады.



CLEAN
CITY NC